



Республикалық ғылыми-әдістемелік журналы

# AQNIET

Республиканский научно-методический журнал

Ақпан - Февраль  
№2 (3) - 2023



Мурзашев Мурат Кокаевич  
КГУ «Специальная школа» Управления образования ВКО  
Учитель музыки



## «МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ СЫНЫБЫНДА ЖАҢАША ОҚЫТУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ»



*Далабаева Акбота Ермуратовна  
Ақмола облысы, Ерейментау ауданы  
Ақмола обласы білім басқармасының Ерейментау ауданы  
бойынша білім бөлімінің жанындағы Ерейментау  
қаласының МКҚК «Жұлдызай» бөбекжайы»  
Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту*

Мектепалды даярлық-бұл ең алдымен бүлдіршіндердің үлкен өмірге басатын алғашқы қадамы, бірінші баспалдағы десе болады. Өйткені бала балабақшадағы алаңсыз сәби шағымен қоштасып, жауапкершілік сезімін қалыптастыра бастайды. Даярлық сыныбындағы оқу-тәрбие ісінің маңызды мәселелерінің бірі балалардың өмірін қорғау және денсаулығына қамқорлық жасау болып есептеледі. Даярлық сынып тәрбиешісінің міндеті бүлдіршіндерді жан-жақты дамыта тәрбиелеу болса, мен өз жұмысымда мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жаңа стандартын басшылыққа аламын. Баланың қимыл-қозғалысы жеткілікті болғанда ғана денесі қалыпты дамиды. Сыныпта өткізілетін ертеңгілік жиындар, шаттық шеңбері, сергіту жаттығулары осы талаптарды көздейді. Ойын әрекеті барысында балалардың ой-өрісі қалыптасып, сан қырлы іс-әрекеттері дамып, жеткіншектердің жан-жақты дамуына жол ашады. Балаларда өздерін қоршаған ортаға деген қызығушылық сезім қалыптасады. Өз ойларын ашық, еркін білдіруге үйренеді. Тәрбиеші балаларды Отанын сүюге, елін, жерін қорғауға тәрбиелейді. Әсіресе сауат ашу, тіл дамыту сабақтарында жаңа технология элементтерін көптеп пайдаланамын. Баланың дұрыс сөйлеуін және ана тілінде қарым-қатынас мәдениетін дамыту, ана тілінің дыбыстарын танып, дұрыс айтуды үйрету, оқуды меңгерту - басты мақсатым. Адамгершілік құндылық бағдарын, мінез-құлық нормасын, тәртіптік ережесін халықтық салт-дәстүр үлгісінде қалыптастыру бүгінгі күннің талабы.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартында мектеп жасына дейінгі балалардың дайындық деңгейіне және бағдарламаның мазмұнына қойылатын талаптар айқындалған.

5-6 жастағы балалардың мектепалды дайындық деңгейінің мазмұны:

1) Физиологиялық дайындық.

Бұл аспект баланың мектепте оқуға физикалық тұрғыдан дайын болуы тиіс екенін білдіреді, яғни оның денсаулық жағдайы.

Физиологиялық дайындық ұсақ моториканың (саусақтардың, қозғалысты үйлестіру) дамуын білдіреді; негізгі гигиеналық нормаларды сақтаудың маңыздылығын білу және түсіну; «көз – қол» қозғалыстарын үйлестіру (бала кашықтықта көзбен қабылданатын қарапайым графикалық бейнені, өрнекті, пішінді дәптерге дұрыс салады); белгілі бір уақыт ішінде ересектерді мұқият тыңдау және бөгде заттарға алаңдамай тапсырмаларды орындау, үйге өз бетімен жету;

2) Зияткерлік дайындық.

Саралап қабылдауы: ұқсас заттарды шатастырмайды (шаршы, тікбұрыш және т. б., 6 және 9 сандары және т. б.).

Ерікті зейіні мен есте сақтауы:

- 3-4 секунд ішінде заттарды есте сақтайды және оларды атайды;
- тақпақтарды, жаңылтпаштар біледі;
- 10-ға дейінгі сандар тізбегін, тура және кері санауды біледі;
- ересектердің көмегімен үлгі бойынша тапсырманы орындайды;
- -, +, = таңбаларын түсініп, үйренеді.

Логикалық ойлауы: заттарды бірнеше белгілері бойынша жіктей алады,

заттардың негізгі белгілерін және олардың арасындағы қарапайым байланыстарды біледі.

Шығармашылық қиялы: сурет салу, мүсіндеу, қайшымен жұмыс жасау техникасын меңгерген; таныс әндерді айтады, ойдан әуендер шығарады.

Демек, қазіргі таңда біздің алдымыздағы үлкен міндет жас буынды болашақ өмірдің дамуына бейімдеп, еңбек етуге тиісті деңгейде білім беріп, балалардың бойына қажетті дағдыларды қалыптастыру. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі мемлекеттік саясаттың ажырамас

бөлігі болып отыр. Егемен еліміздің талабына сай мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру, қазіргі заманға сай білімді де тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу – білімді, жан-жақты тәрбиешілердің еншісінде. Заман өзгерген сайын әдіс-тәсілдер көбейіп, жаңарып, толығып жатыр. Балалардың тілін дамытуды, қызықты үйрету үшін жаңа әдістер мен технологияларды өз тәжірибемізде қолдануға ізденеміз. Бұл мәселе білім беру саласында қазіргі дамыған және дамушы мемлекеттердің идеялогиялық жағынан аса маңызды мән беретін тақырыпқа айналды. Білім сапасының мемлекеттің болашағына жол ашатын, тұрақтылығына негіз болатындай қуатты күші бар екенін барша сауатты адамдар жақсы біледі.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің жаңартылған мазмұнын енгізу жағдайында осы оқыту моделімен қатар тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара әрекетінің маңыздылығы бар екенін айтқым келеді. Бұл балаларға берілетін білім сапасына ата-аналардың сұраныстарының артуына, өмірде қиын жағдайға тап болған балаларды әлеуметтік және педагогикалық қолдауға байланысты. Ата-аналар баласының оқу процесіне қатыса алады және қатысқысы келеді, яғни білім беру процесі барынша ашық болуы тиіс. Ата-аналар баласын барынша қолдап отыруы керек, себебі мектеп өміріне бейімделу кезеңіне тән мәселелерді шешу өте қиынға түседі.

Ата-аналармен жұмыстың түрлері:

жеке - ата-аналармен әңгімелесу, жеке сұрақтар бойынша кеңес беру, телефон арқылы ата-аналармен әңгімелесу, электрондық поштаны пайдалану (мұндай мүмкіндік бар жерде), ата-аналармен хат алмасу. Осындай қарым-қатынас барысында ата-аналар баласының жетістіктері туралы ақпарат алады, оқытудың табысты болуына ықпал ететін ұсыныстар алады.

ұжымдық және топтық - сауалнама жүргізу, консультациялар (топтар бойынша) жалпы ата-аналар жиналыстары, байқаулар, бірлескен мерекелер мен ойын-сауықтар, сұрақтар мен жауаптар кеші, ата-аналар клубы, МДҰ әкімшілігімен ата-аналардың кездесуі және т.б. Әлеуметтік желіде топтың жалпы чатын ашу, мысалы, Whatsapp, бұл педагогтерге хабарландырулар, сауалнама материалдарын, балаларды үйлеріне жеткізу бойынша түсініктемелерді және т. б. ақпараттарды орналастыруға мүмкіндік береді.

Баланы мектепке дайындау бойынша міндеттерді табысты іске асыру отбасынан басталады. Педагогикалық процестің әрбір қатысушысы балалармен маңызды және жауапты жұмысты жүзеге асыруда өзінің баға жетпес үлесін қосады. Осылайша, педагогикалық процестің барлық қатысушыларының ойластырылған және жүйелі қызметі баланың жеке қабілеттерін ашуға, денсаулығын нығайтуға, ой-өрісін кеңейтуге және оны 1- сыныпта оқуға тез бейімделуге мүмкіндік береді.

Білім беру жүйесінде балаларды мектепке дайындау ерекше орын алады. Мектепалды даярлық топтарының мазмұнындағы сабақтар, ойын технологияларын қолдана отырып және өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып жүргізіледі. Баланың мектепке дайындығы туралы айтқан кезде, тек зияткерлік (болашақ бірінші сынып оқушыларының белгілі бір біліктері мен дағдылары жиынтығы) ғана емес, сонымен қатар баланың мектеп өмірінің басталуына психологиялық дайындығын білдіреді. Баланы мектепке дайындау бойынша міндеттерді табысты іске асыру отбасынан басталады. Педагогикалық процестің әрбір қатысушысы балалармен маңызды және жауапты жұмысты жүзеге асыруда өзінің баға жетпес үлесін қосады.

Осылайша, педагогикалық процестің барлық қатысушыларының ойластырылған және жүйелі қызметі баланың жеке қабілеттерін ашуға, денсаулығын нығайтуға, ой-өрісін кеңейтуге және оны 1- сыныпта оқуға тез бейімделуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы  
Ақпарат және  
қоғамдық даму министрлігінің  
Ақпарат комитеті



Комитет информации  
Министерства информации и  
общественного развития  
Республики Казахстан

# АЛҒЫС ХАТ

Құрметті

*Далабаева*

*Акбота Ермуратовна*

*Ақмола облысы, Ерейментау ауданы  
Ақмола обласы білім басқармасының Ерейментау ауданы  
бойынша білім бөлімінің жанындағы Ерейментау  
қаласының МКҚК «Жұлдызай» бөбекжайы»  
Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту*

«AQNIET» журналының редакторлары басылым жұмысына белсенді қатысқаныңыз үшін және оқу процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізуге қосқан жеке үлесіңіз үшін алғыс білдіреді.

«AQNIET» журналының  
бас редакторы



Айткалиева Г.Е.

Тіркеу нөмірі № **0000583**

БҚО, Орал қ.-2023 ж.



Қазақстан Республикасы Ақпарат және  
қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитеті



Комитет информации Министерства информации и  
общественного развития Республики Казахстан

# СЕРТИФИКАТ

*Далабаева Акбота Ермуратовна*

«AQNIET» Республикалық ғылыми-әдістемелік  
журналында оқу әдістемелік материалын жариялағанын  
растайды

«AQNIET» журналының бас редакторы  
Тіркеу нөмірі № **0000583**  
Басылым № **02(3)-23**



Айткалиева Г.Е.  
БҚО, Орал қ.-2023 ж.

